

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМДІ ҰШТАСТЫРУ – КЕЛЕЛІ ІС

Болашақ маманға рухани-адамгершілік тәрбие берудің педагогикалық тұрғысынан және этномәдени құндылықтар негізінен бірден-бір рухани қолдаушысы білім беретін оқу орындары екені сөзсіз.

Бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ал білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – әрбір студентті жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды бәсекеге қабілетті, XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға бейім жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға етіп тәрбиелеу.

Техникалық және кәсіптік білім беру орындарында мамандықтар бойынша білім берумен қатар танымдық-тәрбиелік мәні бар сабақтан тыс іс-шараларды жүйелі ұйымдастырудың маңызы зор.

Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай және «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру шеңберінде ШҚО ТжКББ оқу орындарында #МенАбайдыоқимын# жаһандық форматтағы челлендж, флешмобтары, акциялар, іс-шаралар өткізіліп, ұлы ақын шығармашылығы насихатталды. Абай Құнанбайұлының мерейтойын атап өтуге арналған жалпыреспубликалық жоспарындағы Шығыс Қазақстан облысының киелі жерлері бойынша туристік маршруттарды әзірлеу және ұйымдастыру шарасы аясында студенттерді Жидебай жеріне саяхат жасату жоспарланды. Елімізде жарияланған төтенше жағдайға

байланысты, колледж студенттері Ұлы ақынның өскен ортасын таныстыру мақсатындағы саяхаттар ZOOM платформасында онлайн форматта ұйымдастырылды.

Жастардың бойына қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін себу, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру қашан да маңызды. Жастар жылының жалғасы ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. ШҚО ТжКББ оқу орындары жылдың басталуын күтпей-ақ, жұмыстарды бастап кетті. Бесінші желтоқсанда С. Аманжолов атындағы ШҚМУ әкімшілік корпусының акт залында жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттері арасында еріктілердің қозғалысын дамыту мақсатында «БІРГЕМІЗ» атты облыстық слет өткізілді.

Бүгінде облыста еріктілер шоғыры қалыптасып, жұмыс жүйеленді. Көпшілік оқу орындарында еріктілер жобаларының жоспарлары бекітіліп, әлеуметтік, экологиялық, инклюзивті, мәдени, педагогикалық, медициналық, жоғалған адамдарды іздеу волонтерлік бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ендігі біздің міндетіміз облысымыздағы барлық еріктілер ұйымдары мен қайырымдылық



қорларының басын бір арнаға тоғыстырып, нәтижеге бағытталған жұмыстарды бірлесе атқару. Егер біз бірігіп, түсінісіп, ақылға салып іс қылсақ, Еріктілер жылын абыроймен атқарып, алға қойған мақсаттарымызға жететініміз анық.

Шығыс Қазақстан облысының ТжКББ ұйымдары ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен қолға алынған «Адалдық алаңы» жобасын жүзеге асырып, қазіргі таңда жас буынға дұрыс бағыт-бағдар беріп және ертеңгі болашақ – қазіргі жастардың қолында екендігін ескере отырып, жас ұрпақты адалдыққа тәрбиелеуге бағытталған жобаларды іске асырып отыр. Колледждерде Парасаттылық мектептері, адалдық дүкендері ашылып, жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында шаралар өтуде. Осы бағытта ШҚО білім басқармасының ұйымдастыруымен

«Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжінде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы, еріктілер жылы және Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай облыстық «Саналы ұрпақ – мәңгілік ел болашағы» форумы өткізілді.

Бүгінгі қоғамымыздағы күн сайын көбейіп отырған жағымсыз әдеттердің белең алуының себебі – жастарымыздың уақытында ұлттық тәрбиемен сусындамауы, рухани дүниесінің жұтаңдығы. Бұл Әбу Нәсір Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» – деген сөзінің заман ағымында өміршеңдігін жоғалтпағандығын айқындайды.

Осы бағытта колледждерде өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау, жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру, терроризм мен діни радикализм, ерте жүктілік, құқықбұзушылық, суйцидтің алдын алуға арналған профилактикалық шаралар ағымдық топ жиналыстарында кеңінен қарастырылады. Полиция бөлімі қызметкерлерімен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында, «Жас аналарға көмек көрсету, сәбилердің балалар үйлерінде тәрбиеленуінің және баладан бас тартуды болдырмаудың алдын алу» тақырыбында колледждердің студенттері мен «Ана үйі» қоғамдық қоры өкілдерінің, «Ерте жүктілік немесе ерте жаста неке құрудың психологиялық зардаптары» деген тақырыптарда меди-



цина қызметкерлермен кездесулер ұйымдастырылады. Студенттердің тұлға болып қалыптасуы үшін бірнеше психологиялық қызмет түрлері көрсетіледі. Әр студенттің өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын ескере отырып, жеке әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау мақсатында колледждерде қызмет жасайтын әлеуметтік педагогтардың жұмыстары да бір жүйеге келтірілген.

Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру – білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үрдісі, үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі.

Студенттерге қосымша білім беру жүйесі салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды студенттерді анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттіліктерін дамыту, жасөспірімдер тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, студенттердің құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған. Оқыту мен тәрбие процесін ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының да алатын орны ерекше.

ШҚО ТЖКББ студенттері бүгінде қала, облыс, республика көлемінде «Оратор» дебат клубы, «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстан студенттерінің Альянсі, «У-PEER» ресурстық орталығы, еріктілер ұйымдарының мүшелері ретінде танымал. Жылда техникалық және кәсіптік білім беру студенттері арасында баскетбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақтан сайыстар ұйымдастырылып тұрады.

Биылғы жылы жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін Білім күні ТЖКББ колледждерінде онлайн режимде ZOOM бейнеконференциясы арқылы Еліміздің негізгі Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 25 жылдығына



орайластырылған «Конституция – біздің болашағымыз!», «Қазақстан Республикасы Конституциясының құндылықтары», «Мамандық таңдау», «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз-қоғам мүдделеріне сатқындыққа қарсымыз!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәуелсіз еліміздің білімді ұрпағын тәрбиелейтін мамандар даярлайтын колледж ұжымдары қашықтықтан оқыту жағдайында білім берудің жоғары сапасын сақтап, жастарға саналы тәрбие беруді үздіксіз жалғастыра береді. Жыл барысында ШҚО ББ ТЖКББ жүйесіндегі студенттердің республика көлемінде қашықтықтан өткен байқауларда биіктен көрінуі оқытушылар қауымының қажырлы, абыройлы еңбегінің, тынымсыз шығармашылығы мен үздіксіз ізденген біліктілігінің нәтижесі екендігін айтқым келеді.

Қорыта келгенде, адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірмейтін, қайта уақыт озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына лайық жетіліп отыратын үзіліссіз құбылыс деп түсінеміз. Бәсекеге қабілетті, терең білімді, жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты, шеберлікті шыңдай білетін, заманауи талапқа сай мамандар даярлау колледждердің басты нысанасы.

Тәрбие беру үдерісінде жас ұрпақтың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қамтамасыз ете отырып, идеологиялық негізде тәрбиелеу, тәжірибе көрсеткендей, нәтижелі жемісін беріп келеді.

Г. Б. ИЛЬЯСОВА,
ШҚО Білім басқармасының
техникалық және кәсіптік білім
беру бөлімінің бас маманы

АННОТАЦИЯ ○

В статье Гульмиры Ильясовой говорится о многогранной воспитательной работе в колледжах Восточно-Казахстанской области, направленной не только на подготовку специалистов разных профилей, но и на формирование духовно богатых личностей.

